

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жанынан Ұлттық зейнетақы агенттігін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 шілде N 1108. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.26. N 471 қаулысымен

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі мемлекеттік орган болып табылатын Ұлттық зейнетақы агенттігі құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің штат саны 10 (он) адамға көбейтілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі он күндік мерзімде

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігін қаржыландыру көздері мен оны ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға жұмсалатын шығыстардың көлемі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

4. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармағының 2,3-абзацтары алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1998.04.08. N 297 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 14 шілдедегі
N 1108 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің жанындағы Ұлттық зейнетақы
агенттігі туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жанындағы Ұлттық зейнетақы агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органның қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Агенттіктің өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімдері барлық органдар, ұйымдар, лауазымды адамдар және азаматтардың орындауы үшін міндетті.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттікті қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Агенттіктің құрылымын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Агенттіктің штат санын Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілейді.

6. Агенттік заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

II. Агенттіктің негізгі міндеттері

2. Агенттіктің негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі заңдарында көзделген құқықтар мен міндеттерді азаматтардың жүзеге асыруы үшін жағдайлар жасау;
мемлекеттік және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне бақылау жасау болып табылады.

III. Агенттіктің функциялары

3. Агенттік өзіне берілген өкілеттіктер шегінде және негізгі міндеттерді жүзеге асыру мақсатында мынадай функцияларды жүзеге асырады:

заңда белгіленген тәртіппен зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы активтерін орналастыру және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асырады;

жинақтаушы зейнетақы қорларының құрылтайшыларына, басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарды белгілейді;

мемлекеттік емес жинақтаушы қорларының жарғылық капиталының мөлшері мен құрамына қойылатын талаптарды айқындайды;

жинақтаушы зейнетақы қорларының есебін және оның есеп беруін заңда белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкес ұйымдастырады;

алушылардың жеке шоттарындағы зейнетақының жинақталуын есепке алу тәртібін айқындайды;

жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы жарналары мен инвестициялық табыстан процент түрінде алынатын комиссиялық сыйақылардың шекті мөлшерін белгілейді;

зейнетақы активтерінің қалыптасуы мен мақсатты пайдаланылуын бақылайды;

зейнетақының үлгі шарттарын әзірлейді және бекітеді;

жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы тәртібін бекітеді;

заңды бұзған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорларына ықпал ету шараларын қолданады;

қайта ұйымдастыруға (біріктіру, қосу, ажырату, бөлу, қайта құру) немесе мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорын жоюға рұқсат береді;

таратылатын мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін, олардың зейнетақы шарттары бойынша міндеттемелерін басқа қорға беру тәртібін бекітеді;

берілген өкілеттіктер шегінде жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер әзірлейді және қ а б ы л д а й д ы ;

жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің мәселелері жөнінде заңдық және өзге нормативтік құқықтық актілер мен құжаттардың жобаларын әзірлейді және о л а р д ы д а й ы н д а у ғ а қ а т ы с а д ы ;

мемлекеттік және коммерциялық құпия болып табылатын ақпараттың сақталуын, Агенттік қызметкерлерінің дербес жауапкершілігі негізінде жинақтаушы зейнетақы қорларының алғашқы статистикалық ақпарат пен қаржылық есеп беруінің құпиялылығын қамтамасыз етеді;

зейнетақы қорларына жинақтау есебінен зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің дамуы мен жұмыс жасауының маңызды проблемалары бойынша қызметін реттеу жөнінде ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарын ұ й ы м д а с т ы р а д ы ;

Агенттік пен жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау мен олардың кәсіптік біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

IV. А г е н т т і к т і ң қ ұ қ ы қ т а р ы

4. Агенттік өзіне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру кезінде: заң белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларының есебін алуға; жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін, оның ішінде жергілікті жерлерде тексеру жүргізу жолымен тексеруге, жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі өз функцияларын дұрыс жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттар алуға және алынған ақпарат бойынша түсінік беруді т а л а п е т у г е ;

жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлеу үшін жинақталған зейнетақының жеткіліктілігін зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға сәйкес белгілеуге;

зейнетақымен қамсыздандыру және лицензиялау туралы заңда көзделген негіздер бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне берілген лицензияның күшін тоқтата тұруға;

таратылған жинақтаушы зейнетақы қорларының бекітілген тарату баланстары мен есептерін алуға;

жекелеген мәселелер бойынша Агенттік жұмысына жоғары білікті мамандарды келісім-шарт негізінде тартуға;

Агенттіктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізуге құқығы бар; қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де құқықтары болады.

V. Агенттіктің жұмысын ұйымдастыру

5. Агенттікті Директор басқарады, оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Агенттік директорының орынбасары болады, оны Агенттік директорының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

6 . Д и р е к т о р :

Агенттік қызметіне басшылық жасайды және Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуын қамтамасыз етеді:

жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметін реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына белгіленген тәртіппен енгізеді;

Агенттіктің орынбасары мен құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін бөледі;

Агенттік қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, тәртіптік жаза қолданады;

белгіленген қызметкерлер саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде Агенттіктің штат кестесін бекітеді;

өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады;

өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Агенттік атынан іс-қимыл жасайды;

өз құзыретіне қатысты басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

VI. Тарату және қайта ұйымдастыру

6. Агенттікті тарату және қайта ұйымдастыру заңда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 14 шілдедегі
N 1108 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық
зейнетақы агенттігінің
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін лицензиялау және реттеу
басқармасы

Есепті және есеп беруді ұйымдастыру басқармасы

Заң бөлімі

Аппарат жұмысын ұйымдастыру жөніндегі бөлім

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 14 шілдедегі
N 1108 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы
17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан
Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894
қаулысына

P951894_

(Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж.,
N 41, 515-құжат):

аталған қаулыға 1-қосымшада:

2-бағандағы 24-жолда:

"Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі" деген сөздер

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 33-жолмен толықтырылсын:

"33. Қазақстан Республикасы Заңда белгіленген
Еңбек және халықты әлеуметтік тәртіппен зейнетақы
қорғау министрлігінің Ұлттық жарналарын тарту және
зейнетақы агенттігі зейнетақы төлеуді жүзеге
асыру жөніндегі қызмет

2.

3.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.12.
N 1551 қаулысымен.

P971551_

4.

ЕСКЕРТУ. 2,4-тармақтардың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.11.21.
N 1636 қаулысымен.

P971636_